

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

(ЛОТ № 3)

Қызметтің атауы: Арнайы техникамен қазылған топырақты шығару қызметі (жанар-жағармайымен бірге).

№	Қызметтің атауы мен техникалық сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Арнайы техникамен қазылған топырақты шығару қызметі (жанар-жағармайымен бірге). Археологиялық қазба барысында жиналған топырақты арнайы техникамен қазба аумағынан шығару жұмыстарын орындайды. Қызмет көрсету үшін техникалық жарамды арнайы техника, жүргізуші (оператор) және қажетті жанар-жағармай қамтамасыз етіледі. Қызмет құнына арнайы техниканы пайдалану, оператордың қызметі, жанар-жағармай, техникалық қызмет көрсету, жөндеу, сақтандыру және барлық байланысты шығындар енгізіледі.	қызмет	1

Қызмет көрсету шарттары

- Қызмет көрсету мерзімі – шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн.
- Қызмет көрсету орны – Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Отырар ауданы, ортағасырлық Отырар қалашығы.
- Арнайы техника техникалық жарамды және қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуы тиіс.
- Қызмет көрсету кезінде археологиялық ескерткіштің сақталуын қамтамасыз ету және археологиялық экспедиция жетекшісінің нұсқауларын сақтау міндетті.
- Қызмет аяқталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушіге:
 - орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін;
 - Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес рәсімделген электрондық шот-фактураны;
 - Тапсырыс берушінің талабы бойынша қызмет нәтижесіне қатысты өзге де қажетті құжаттарды ұсынады.
- Қызмет көрсетілген күн болып Тапсырыс беруші қол қойған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің күні есептеледі.

Қызмет сапасына қойылатын талаптар

- Қызмет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес көрсетілуі тиіс.

- Арнайы техниканы басқаруды тиісті біліктілігі бар оператор жүзеге асырады.
- Орындаушы қызметтің сапасына, уақтылы орындалуына және арнайы техниканың техникалық жарамдылығына толық жауап береді.
- Қызметтің көлемі мен сапасы Тапсырыс беруші қол қойған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі негізінде қабылданады.
- Кемшіліктер анықталған жағдайда, Орындаушы оларды Тапсырыс берушінің хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз қаражаты есебінен жоюға міндетті.

Ғылыми зерттеу орталығының басшы м.а.



Г. Аширбек